

**ЖШС «Әсет-Әли» бөбекжай балабақшасының өндірістік
кеңес жанындағы кезекті отырысы**

Хаттама №01

Қатысқандар: 13

07.09. 2022ж

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер:

1. Ішкі еңбек тәртібінің сақталу ережелері. Қызметкерлердің құрамы, 2022-2023 оқу жылының жаңа келген қызметкерлерді лауазымдық міндеттерімен таныстыру.
2. Балаларды тамақтандырудың ұйымдастыруы
3. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Ш. Абдиева балабақша қызметкерлерін жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу жылына жаңа табыстар тіледі. Балабақшаның ішкі еңбек тәртібімен таныстырып, балабақша қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттерін таныстырып өтті. Балабақшада тәрбиешілер екі ауысымда жұмыс жасағандықтан, бірінші ауысымдағы және екінші ауысымдағы тәрбиешілердің уақыттарын атап өтті. Биылға жаңа оқу жылында жаңа қызметкерлер қосылды. Сондықтан қызметкерлер лауазымдық міндеттеріне жауапкершілікпен қарауды талап етті.

Екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі А.Кулжанова және аспзшысы Г. Садықбекова сөз алды: Олар өз сөзінде балалардың тамақтану мәзірінің айлық және бір апталық мәзір алдын-ала дайындалып қойылатынын және де күз мезгілінде көкөністер мен жемістер пісіп жатқандықтан ас мәзіріне көптеген салаттар, кампоттар қосылатынын айтып өтті.

Үшінші әртүрлі мәселелер бойынша қойылған сұрауларға жауаптар алынды. Шешілмеген мәселелер күн тәртібіне қойылды.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе өндірістік кеңес қаулы етеді.

1. Ішкі еңбек тәртібімен таныстырылғандығы жөніндегі нұсқаулық жасалынып таныстырылсын.
2. Балалардың тамақтануын ұйымдастырылуы санпи талаптарына сай жүргізілсін.
3. Әртүрлі мәселелер бойынша шешімдер шығарылсын.

**Төрайымы
Хатшы**



**Ш. Абдиева
Б. Турлыбекова**

**ЖШС «Әсет-Әли» бөбекжай балабақшасының өндірістік
кеңес жанындағы кезекті отырысы**

Хаттама №02

Қатысқандар: 15

13.12. 2022ж

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер:

- 1. Жаңа жыл мерекесіне дайындық**
- 2. Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау.**
- 3. Күн тәртібінің орындалуы**

Тындалды: Балабақша меңгерушісі Ш. Абдиева сөз алды.

Бүгінгі жиналыстың күн тәртібімен таныстырып өтті. Алдағы Жаңа жыл мерекесін өткізу барысында үлкен жауапкершілік тұрғанын айтты. Мерекені өткізу барысында ең алдымен өрт қауіпсіздігі мен техника қауіпсіздігін сақтауды ескертті. Сонымен қатар Жаңа жыл мерекесі балалардың ең сүйікті меркелерінің бірі болғандықтан балаларға қызықты өтуі үшін бар жағдайлар жасалынып, бағдарламалары талқыланып бекітілсін. Ертегі кейіпкерлерінің рөлдерін қызметкерлер бөліп алып жауапкершілікпен орындап шықсын. Екінші мәселе бойынша балабақшаның шаруашылық мәселе бойынша меңгерушісі Г. Каракулова өрт қауіпсіздігінің ережелері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Қыс мезгілі болғандықтан топтарда қарапайым өрт қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауды талап етті.

Үшінші мәселе бойынша Балабақша медбикесі А. Кулжанова балабақшада күн тәртібін орындауды ескертті. Күн тәртібі таңғы қабылдаудан баланы кешке дейінгі, яғни үйіне шығарып салғанға дейін сақталуы тиіс екендігін, тәрбиелік іс-шаралар жүргізіліп отырылуын атап өтті. Жүйелі ұйымдастырылған күн тәртібі баланың денсаулығының мықты болуымен қатар көңіл күйіне де әсер етеді. Баланы күнде таңертең таза ауада шынықтыру-сауықтыру шаралары оң әсерін тигізетінін жеткізді.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе өндірістік кеңес қаулы етеді.

- 1. Жаңа жыл мерекесіне дайындық жүргізуге жауапты мамандар бекітілсін.**
- 2. Өрт қауіпсіздігі ережелері сақталсын.**
- 3. Күн тәртібінің сақталуы қанағаттанарлық деп есептелсін.**

Төрайымы: Ш. Абдиева
Хатшы: Б. Турлыбекова



**ЖШС «Әсет-Әли» бөбекжай балабақшасының өндірістік
кеңес жанындағы кезекті отырысы**

Хаттама №03

Қатысқандар: 12

27.01.2023ж

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер:

- 1. Топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы.**
- 2. Наурыз мерекесіне дайындық.**

Тындалды. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ш. Абдиева сөз алды:

Топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы туралы айтып өтті. Санитарлық нормалардың орындалуы күн тәртібінің сақталуы, ең алдымен балалардың гигиеналық процедураларын сақтау және топтардың санитарлық жағдайларынан тұратынын айтып өтті. Балабақша медбикесі топтарды бақылау барысында санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуында кейбір топтарда кемшіліктер болғанын ескертті. Атап айтқанда төсек орындарының нөмерленбегені, орындықтардың нөмерленбегені жайлы тәрбиеші мен тәрбиеші көмекшілеріне ескерту жасады. Екінші мәселе бойынша меңгеруші балабақшада наурыз айында Наурыз мерекесіне арналған іс-шара өтетіндігі жайлы хабарлама айтты. Мерекенің бағдарламасы түзіліп, топтарда дайындық жұмыстарын бастауды жеткізді. Және мерекені қызықты өткізуге атсалысуға шақырды. Және жауаптылар бекітілсін, іс-шаралар түзілуін атап айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе өндірістік кеңес қаулы етеді.

- 1. Топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы. Күнделікті жүргізілсін.**
- 2. Наурыз мерекесіне дайындық жүргізуге жауапты мамандар бекітілсін.**

**Төрайымы:
Хатшы:**



**Ш. Абдиева
Б. Турлыбекова**

**ЖШС «Әсет-Әли» бөбекжай балабақшасының өндірістік
кеңес жанындағы кезекті отырысы**

Хаттама №04

Қатысқандар: 14

23.05. 2023ж

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер:

- 1. Жазғы мезгілді балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық.**
- 2. Қызметкерлердің демалыс кестесін бекіту және талқылау.**
- 3. Әртүрлі мәселелер.**

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Б.Турлыбекова оқу жылы аяқталып жаз мезгіліне арналған жоспармен таныстырды. Жаз мезгіліне арналған нұсқаулықтармен таныстырып өтті.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері балабақша қызметкерлерінің жазғы демалыс кестесімен таныстырып өтті.

Балабақшада жаз мезгілінде орын алатын әртүрлі мәселелерге тоқталып, келеңсіз жағдайларды болдырмауды ескертті. Балалардың жаз мезгілінде дұрыс киінуін, ойын алаңында ойнауын, сонымен қатар ауыстыру киімдерін ата-аналардан алдыртып қоюды ескертті. Және бассейнге түсу барысында суға түсетін киімдерін алдырып, тәрбиешілерге шомылу барысын қатаң қадағалауды ескертті.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе өндірістік кеңес қаулы етеді.

- 1. Жазғы мезгілде баалалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша қауіпсіздік ережелері сақталсын.**
- 2. Қызметкерледің демалыс кестесі талқыланып бекітілсін.**

Төрайымы:

Хатшы:



Б. Турлыбекова

К. Тагаева

